


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ / МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ / АРҚАЛЫКСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ
ИМЕНИ И.АЛТЫНСАРИНА



Ғылыми кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ /
УТВЕРЖДЕНО по решению ученого совета
Хаттама / Протокол № 10 « 29 » 02 20 24 ж. / г.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
6В01405 – «Көркем еңбек, графика және жобалау» / «Художественный труд, графика и проектирование»

Қабылдау жылы / Год приема: 2024

Арқалық, 2024 ж.

Тарих және өнер факультеті

6B01405 – Көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы

ББ түрі: қолданыстағы

Құрастырғандар:

Жамитова А.А. – көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасының жетекшісі, аға оқытушы, магистр

Себенова Б.Т. – көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасының оқытушысы, магистр

Зейнолла Ә. – көркем еңбек, графика және жобалау мамандығының студенті

Сарапшы:

Темешов Ж.Ж. – Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі, Мектепаралық оқу комбинаты, педагог-сарапшы

Білім беру бағдарламасы мәжілісінде ұсынылды

Хаттама 4 « 08 » 01 20 24 ж.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі




Жамитова А.А.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама 6 « 10 » 01 20 24 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы



Конкина Г.С.

Институттың академиялық кеңесінде қаралды

Хаттама 6 « 07 » 02 20 24 ж.

Академиялық кеңес төрайымы



Жумабаева С.Б.

1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Бағдарлама циклы:

Бірінші цикл: бакалавриат, НРК / ОРК 6 деңгейі

Тағайындалатын дәреже: *Бакалавр*

Несиелердің жалпы көлемі: 240 кредит

Оқу мерзімі: *4 жыл*

1.1 Жалпы ережелер

БВ01405 – Көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы жоғары білім МЖМБС, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Салалық біліктілік шеңберіне, «Педагог» кәсіби стандартына, Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген.

Білім алушыларды білім бағдарламасына қабылдаудың талаптары Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен анықталған.

Білім беру бағдарламасына түсетін үміткерлер Бірыңғай ұлттық тестілеуден (ҰБТ) өтеді.

Білімін 7М0014 бағыты бойынша магистратурада одан әрі жалғастыру мүмкіндігі бар.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты: Көркемдік білім саласында жоғары кәсіптендірілген, білікті, педагогикалық қызметті жүзеге асыруға қабілетті, жаңа формациядағы кадрларды даярлау.

1.3 Білім беру бағдарламасының міндеті:

- қоғамның тапсырысын қанағаттандыратын, әлемдік стандарттар мен жалпы жаңартылған мазмұндағы көркем еңбек, графика және жобалау мұғалімдері мен қосымша білім беруде сапалы кәсіби мұғалімдер дайындауды қамтамасыз ету;

- негізгі құзіреттіліктер жүйесін, сондай-ақ жалпы ғылымдық және арнайы білімді, қосымша көркемдік білім педагогтары мен көркем еңбек, графика және жобалау мұғалімдерінің білігі мен дағдысын қалыптастыратын;

- қосымша көркемдік білім педагогтары мен көркем еңбек, графика және жобалау пәні мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік және зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға икемдеу;

- болашақ мұғалімдерді интеллектуалдық және рухани дамудың тәсілдері мен жолдарын игеруге, психологиялық сауаттылығын қалыптастыратын, өзін ұстау мен ойлау мәдениетін икемдейтін.

2 6B01405 – КӨРКЕМ ЕҢБЕК, ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Кәсіби қызмет саласы

ББ 6B01405 – Көркем еңбек, графика және жобалау бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіптік қызметін білім беру саласында жүзеге асырады.

2.2 Кәсіби қызмет объектілері

ББ 6B01405 – Көркем еңбек, графика және жобалау бакалавры кәсіби қызмет объектісі болып саналады:

- Жекеменшік және ведомствоға қарайтынына қатыссыз орта білім мекемелеріндегі барлық типтегі педагогикалық үрдіс;
- Көркем еңбек, графика және жобалау бағытындағы және кәсіптік білім мекемелеріндегі педагогикалы үрдіс.

2.3 Кәсібилік қызметтің функциясы

ҰБШ/СБШ 6.1 деңгейшесі мен «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес «6B01405 - Көркем еңбек, графика және жобалау» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің функциялары:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- зерттеушілік;
- әдістемелік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері

ББ-ын сәтті аяқтағаннан кейін түлек:

ОН 1 - визуалды өнер тарихы мен теориясы негіздерін меңгереді; графика және жобалау, тұстану әдістерінің заңдылықтары мен ережелерін біледі;

ОН 2 – көркем еңбек пәніндегі визуалды өнер, сәндік-қолданбалы өнер, дизайн және технология, тамақтану мәдениеті мен үй мәдениетінің шығармашылық, технологиялық, техникалық тәсілдерін меңгерген, практикалық білімдерін педагогикалық қызметте қолдана алады;

ОН 3 - білім берудің инновациялық әдістерін қолданады, заманауи технологияларды және білім менеджменті дағдыларын көрсетеді;

ОН 4 – сандық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, компьютерлік бағдарламалар мен заманауи дизайнерды тиімді пайдалануға қабілетті;

ОН 5 - кәсіптік қызметте ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін меңгерген, оқу-тәрбие үрдісін нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырады;

ОН 6 - педагогика мен психологияның ұғымдары мен әдіснамалық негіздерін, оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты салауатты, қолайлы және қауіпсіз ортаны қалыптастыруда, кәсіби қызметінде өз жұмысының нәтижелерін көрсете біледі;

ОН 7 - білім беру ортасындағы зерттеу принциптері мен әдістерін біледі, зерттеу жұмыстарын жүргізе алады;

ОН 8 - Адал азамат құндылықтарының және экологиялық мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетеді; кәсіпкерлік қызметті жоспарлау және ұйымдастыру әдістерін қолданады.

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.1 Білім беру бағдарламасы модульдерінің сипаттамасы

Модуль атауы	Несие саны	Құрамдас модульдердің атауы (пән, тәжірибе)	Оқу нәтижелері
Қоғамдық пәндер модулі	56	Қазақстан тарихы	
		Философия	
		Әлеуметтік – саяси білімдер модулі	
		Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	ОН4
		Дене шынықтыру	
		Экологиялық мәдениет	ОН8
		Адал азамат құндылықтары	ОН5, ОН8
		Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	ОН8
		Қазақ (орыс) тілі	ОН7
		Шет тілі	ОН5
Педагогикалық кәсіби даярлығы модулі	19	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	ОН6
		Педагогика	ОН2, ОН6
		Білім берудегі психология	ОН2, ОН6
		Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	ОН5
		Оқу-танысу тәжірибесі	ОН7
		Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	ОН2, ОН6, ОН7
Фундаментальды даярлық модулі	58	Визуалды өнер-1 (Сурет)	ОН1, ОН2
		Визуалды өнер-1 (Кескіндеме)	ОН1, ОН2
		Визуалды өнер-2 (Сурет)	ОН1, ОН2
		Визуалды өнер-2 (Кескіндеме)	ОН1, ОН2
		Композициялық сурет	ОН1, ОН2, ОН4
		Графика және жобалау негіздері	ОН1, ОН4
		Инженерлік графика және жобалау	ОН1, ОН4
		Оқу тәжірибе (пенэр)	ОН1, ОН2
Көркем еңбек, графика және жобалау кәсіби дайындығы модулі	45	Тоқыма материалдарын көркемдеп өңдеу	ОН1, ОН2
		Тоқыма пластикасы	ОН2, ОН4
		Үй мәдениеті, тамақ мәдениеті	ОН2, ОН4
		Құрал жабдықтардың технологиясы	ОН2

		Шеберхана таңдау	ОН2, ОН4
		Матаға сурет салу	ОН1, ОН2, ОН4
		Визуалды өнер тарихы мен теориясы	ОН1
		Жаңа кезең өнері	ОН1
		Қазақстанның көркем мәдениеті	ОН1
		Қазақстанның визуалды өнерінің тарихы мен теориясы	ОН1
		Дизайн және технология	ОН1, ОН2, ОН4
		Заманауи дизайн	ОН2, ОН4
		Сәндік қолданбалы өнер	ОН1, ОН2
		Қол өнері негіздері	ОН1, ОН2
		Мүсін	ОН1, ОН2
		Табиғи материалдардан мүсін жасау	ОН1, ОН2
		Оқу тәжірибе (мұражай)	ОН1, ОН2
Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру модулі	42	Инклюзивті білім беру	ОН3
		Көркем еңбекті оқыту әдістемесі	ОН1, ОН2, ОН3
		Графика және жобалауды оқыту әдістемесі	ОН1, ОН3, ОН4
		Педагогикалық шеберлік	ОН 6
		Көркемдік білімді оқытудағы цифрлық білім беру ресурстары	ОН3, ОН 4
		Педагогикалық тәжірибе	ОН1, ОН2, ОН3, ОН7
Ғылыми-зерттеу модулі	12	Өндірістік тәжірибе	ОН1, ОН2, ОН3, ОН7
		Ғылыми-зерттеу әдістемесі және академиялық жазу	ОН7
		Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру	ОН1, ОН2, ОН7
		Дипломдық жұмысының орындалуы	ОН1, ОН2, ОН3, ОН7
Қорытынды аттестаттау модулі	8	Дипломалды тәжірибе	ОН1, ОН2, ОН3, ОН7
		Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ОН1, ОН2, ОН3, ОН7

**4.2» Білім беру бағдарламасы элективті пәндер каталогы
6B01405 - «Көркем еңбек, графика және жобалау**

№	Пән атаулары	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Жалпы білім беру пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Экологиялық мәдениет	Экологиялық мәдениет курсы экологиялық сауаттылық және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес салауатты, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету үшін экологиялық мәдениеттілікті дамыту жолдарын және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін үйренуге бағытталған. Студенттер қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін сыни тұрғыдан бағалайды, төтенше жағдайларда қорғанудың әдіс тәсілдерін меңгереді, экологиялық мәдениет дамыту үдерісін белсенді ұйымдастырады.	5	4	Қазақ (орыс) тілі Мектеп курсындағы экономика негіздері	Педагогикалық тәжірибе
2	Адал азамат құндылықтары	Студенттердің бойында жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастырады. Адалдықтың құндылығы мен азаматтық ұстанымды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жүйелі білім арқылы меңгереді. Рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық құқықтық мәдениетке тәрбиелеу контекстінде адал азаматты қоғам ортасында қалыптастыру мәселелері жүйеленеді. Білім алушылардың ішкі тұлғалық мәдениетін нығайту негіздерінің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, адамгершілік-этикалық аспектілері талданады.				

3	Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	Курс қазіргі нарықтық экономика жағдайында табысты кәсіпкерлік қызметке қажетті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Студенттер оңтайлы экономикалық шешімдер қабылдауды үйренеді, кәсіпкерлік пен қаржының негізгі ұғымдары мен білімдерін меңгереді, қаржылық операцияларды жүргізуге қажетті дағдыларды дамытады. Студенттер қаржы институттарының (банктер, қор нарығы және т.б.) қызметін талдайды, қаржылық-экономикалық құбылыстарды (несие беру, инвестициялау және т.б.) жіктейді.				
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Курс салауатты, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында мектеп жасындағы оқушылардың өсуі мен дамуының физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Студенттер балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық және гигиеналық ерекшеліктерін, сонымен қатар физиологиялық функциялардың педагогикалық әсерге жауап беру ерекшеліктерін талдайды. Сонымен қатар, курсты оқу барысында студенттер мүшелердің, мүшелер жүйесінің, жалпы организмнің сыртқы ортамен байланысты қызметінің ерекшеліктерін салыстырады. Осыған байланысты студенттер оқу процесін ұтымды етуге, аурудың алдын алуды жүзеге асыруға бағытталған оқушының үйлесімді дамуы мен функционалдық мүмкіндіктерін арттыру әдістерін қолданады.	3	2	Экологиялық мәдениет	Білім берудегі психология
2	Педагогика	Бұл курс педагогикаға ғылым ретінде шолу, оның диалектикалық, қарама-қайшылықты және әдіснамалық ерекшелігін ұсынады. Студенттер дүниетанымды, әлеуметтік және жеке маңызды педагогикалық мәселелерді талдайды, тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері туралы сыни тұрғыдан ойластырады. Білім беруді цифрландыру жағдайында педагогика, киберпедагогика, киберкеңістік және кибер әлеуметтендірудегі киберонтологиялық тәсілге ерекше назар аударылатын болады.	5	3	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

3	Білім берудегі психология	Курс білім беру қызметінің психологиясы саласында теориялық білімдерді қалыптастыруға және практикалық біліктерді игеруге бағытталған. Пән мектепке дейінгі және мектеп жасындағы білім алушылардың ойын және оқу іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ мұғалімнің педагогикалық қызметін ашады. Осы курс аясында мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінде оқу кезеңінде әр түрлі жас кезеңдерінде баланың дамуының заңдылықтары мен психологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударылады.	3	3	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Бұл курс болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының міндетті компоненті болып табылады. Бұл пәнді игеру студенттерге «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» ұлттық идеясына сәйкес мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын жүргізуге, жоспарлар мен конспекттер жасауға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге мүмкіндік береді. Курс студенттерге заманауи мектепте сынып жетекшісінің қызметін қайта қарауға мүмкіндік береді.	4	5	Білім берудегі психология	Көркем еңбекті оқыту әдістемесі
5	Оқу-танысу тәжірибесі	Оқушылар мектеп жұмысын ұйымдастырудың құрылымымен, негізгі принциптерімен, пән мұғалімінің қызметімен (нормативтік-құқықтық базасы, «Күнделік» электронды журналымен, критерийлерімен, қалыптастырушы және жиынтық бағалауымен, білім беру және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік әдебиеттер және т.б.) танысады. Студенттер тәжірибеде алған білімдерін психологиялық-педагогикалық бағыттыңдағы пәндерді оқытуда белсенді қолданады. Олар сынып жетекшісінің қызметін қайта ойластыра алады (жобалау, ұйымдастыру, сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау).	2	2	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе
6	Психологиялық-педагогикалық тәжірибе	Студенттер ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу процедурасын талдайды, олар сабаққа (тәрбиелік іс-шараға) психологиялық-педагогикалық талдау жүргізеді. Сонымен қатар, олар «Социометрия» кабинетін зерттеудің диагностикалық әдістерін және оқушылардың	2	4	Оқу-танысу тәжірибесі	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

		жетістіктерін диагностикалау әдістерін қолдана алады, студенттің жеке басының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрайды.				
7	Визуалды өнер-1 (Сурет)	Білім алушы сызықтық және әуе перспектива заңдылықтары мен сурет салудың ережелерін меңгереді. Перспективаның теориялық-практикалық аспектілерін зерттейді. Қарапайым геометриялық формалар: шар, куб, цилиндр, призма, конус т.б. геометриялық формалардан құралған натюрморттарды суреттейді. Эстетикалық талғаммен практикалық дағдыларды қалыптастыруға, бейненің теориялық практикасын игеруге, композициялық-шығармашылық қызметтің дамытады.	18	1-6	Жалпы білім беретін мектептегі көркем еңбек, графика және жобалау пәндерінен алған білімі	Визуалды өнер-2 (Сурет), Академикалық сурет
8	Визуалды өнер-1 (Кескіндеме)	Бұл курста кескіндеме өнерінің техникасы мен технологиясы және аралас техниканың көмегімен түрлі шығармаларды салады. Реалистік кескіндеме міндеттерін, түс табиғатын, ахроматикалық, хроматикалық түстерді, негізгі қосымша түстермен жұмыс жасайды. Гуашь және акварель бояуларының техникасын меңгереді. Образдық бейнелеуде түстік гаммаларды, колориттерді көрсетеді.	18	1-6	Жалпы білім беретін мектептегі көркем еңбек, графика және жобалау пәндерінен алған білімі	Визуалды өнер-2 (Кескіндеме), Академикалық кескіндеме
9	Оқу тәжірибе (пенэр)	Білім алушы сурет, кескіндеме, композиция пәндерінде алған кәсіптік білімін нығайтады. Табиғат көрнісін бейнелеуде эстетикалық талғамы мен көркемдік қажеттіліктерін дамытады. Кеңістікті терең бағдарға алып, натураны үш кеңістік масштабта қабылдау мен оны екі кеңістік жазықтықта бейнелеуге үйретеді. Шығармашылық қабылдауға жаттығып, кескіндеме құралдарымен көркем образдарды бейнелейді.	4	2,4	Визуалды өнер-1 (Кескіндеме), Визуалды өнер-1 (Сурет)	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе
10	Оқу тәжірибе (мұражай)	Білімгер бейнелеу өнері бойынша және саяхаттар мен өлкетану кезінде оқу үрдісінде жеткен жетістіктерін қолданумен жәдігерлік жұмысты ұйымдастыра біледі. Суретшілердің шеберханалары мен танысып, халық шеберлерімен кездеседі. Сәулет жәдігерлері және қала құрлысы ғимараттарымен танысады. Практикалық жұмысты қорытындылайды.	3	6	Оқу тәжірибе (пенэр)	Өндірістік тәжірибе

Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті						
1	Визуалды өнер-2 (Сурет)	Білім алушы сызықтық және әуе перспектива заңдылықтары мен сурет салудың ережелерін меңгереді. Перспективаның теориялық-практикалық аспектілерін зерттейді. Қарапайым геометриялық формалар: шар, куб, цилиндр, призма, конус т.б. геометриялық формалардан құралған натюрморттарды суреттейді. Эстетикалық талғаммен практикалық дағдыларды қалыптастыруға, бейненің теориялық практикасын игеруге, композициялық-шығармашылық қызметін дамытады.	4	8	Визуалды өнер-1 (Сурет)	Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру
2	Визуалды өнер-2 (Кескіндеме)	Білімгер үйлесімді түс қатынастарындағы тірі модельдің дұрыс пропорцияларын табу және салыну ерекшеліктерін қарастырады. Түрлі көркем материалдармен жұмыс істеу әдістемесі, техникасы және технологиясы бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға, станокты кескіндеме техникаларының кең спектрін игеруге, түстерді қабылдаудың негізгі заңдылықтарын, оның қасиеттерін зерттеуге бағытталады.	4	8	Визуалды өнер-1 (Кескіндеме)	Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру
3	Композициялық сурет	Білім алушыны әртүрлі материалдармен жұмыс істеуге үйретеді. Тұтас көру, қабылдау және тұтас жазу үлгісін қалыптастырады. Образды ойлау, елестету дәстүріне үйретеді. Кескіндеме және композиция заңдылықтарымен танысады. Интерьердегі адам бейнесін бейнелеуді, тақырыптық суреттер композициясын құрастыруды біледі. Композицияда түстік колоритті сауатты шеше білуге машықтандырады.	5	3	Жалпы білім беретін мектептегі көркем еңбек, графика және жобалау пәндерінен алған білімі	Қазақстанның визуалды өнер тарихы және теориясы, Тұстану және дизайн негіздері
4	Графика және жобалау негіздері	Білім алушы графикалық білімнің негізгі мәліметтерін, сызбаның даму теориясын, графикалық бейнелер тарихын зерттейді. Мектепте графика және жобалау пәнін оқыту, заттардың суреттерін, машина жасау, өндіріс пен құрылыс, сызбаларын орындау, оқу, бөлшектер эскиздерін түсіру және оларды өлшеу, әр түрлі салаларын қарастырады.	5	3	Жалпы білім беретін мектептегі графика және жобалаудан алынған білім	Инженерлік графика және жобалау

	Инженерлік графика және жобалау	Бұл курста тұрмыстық заттар мен машиналардың графикалық жобалауын үйретеді. Графика негізінде ойлау қабілетін дамытып, заттардың бөлшектерін дұрыс елестете және жобалау арқылы құрай алуға өмір тәжірибесінде қолдана білуге дағдыланады. Графикалық жобалауды өз бетімен оқи алуға, жобалауға, талдауға өмір тәжірибесінде қолдана білуге үйренеді.			Графика және жобалау негіздері	Заманауи дизайн
5	Тоқыма материалдарын көркемдеп өңдеу	Бұл курста кілем, алаша, гобелен, басқұр тоқу өнерінің түрлерімен танысады. Кілемнің түрлеріне эскиздер салады. Тоқыма материалдарын көркемдеп тоқуды меңгереді. Түкті және түксіз кілем тоқу өнері негіздерімен және тоқымашылықтың өру түрлерін үйренеді. Суретті кілемдер үшін қазақтың ұлттық ою өнерінен композициялық суреттер құрастырады.	5	8	Педагогикалық шеберлік негіздері, Педагогикалық тәжірибе	кешенді емтихан тапсыру
	Тоқыма пластикасы	Білім алушы тоқыма пластикасында қолданылатын шикізаттардың мүмкіндіктерімен ерекшеліктерінің қасиеттерін анықтайды. Әртүрлі материалдар және жіптермен суретті кілем, гобелен, алаша, басқұр тоқу пластикасы техникасының негізін меңгереді. Әртүрлі тоқыма пластикасы мен технологиясын біледі. Кесте тігу техникасы мен биссерден әртүрлі бұйымдар тоқу техникасын үйренеді.			Педагогикалық шеберлік, Педагогикалық тәжірибе	кешенді емтихан тапсыру
6	Шеберхана таңдау	Білім алушы арнайы пәндерді тереңдетіп оқытуға таңдап алынған технология бойынша қасиеттерін зерттеу және сәндік мүмкіндіктер материалдарын өңдеуге, практикалық жұмыстар мен дипломдық жұмыс орындалатын шеберханалар жұмысын меңгереді. Тігін машиналары, станокпен ағаш өңдеу, металл және тоқыма материалдарын көркем өңдей білу, қолдану және қауіпсіздік ережесін біледі.	5	8	Педагогикалық шеберлік, Педагогикалық тәжірибе	Дипломдық жұмысының орындалуы
	Матаға сурет салу	Білім алушы матаға сурет салудың түрлері мен жібек матаның негізгі түрлерін – әшекейлейді. Ыстық, суық батик, түйінді батик, кракле техникасы, еркін сурет салу, құрғақ сурет салу, сурет салудың аралас түрін меңгереді. Матаға сурет салу тәсілдері, техникалық шеберлік тізімдемесі, суық және ыстық батикте композициялық шешім табуды үйренеді. Композиция құрудағы негізгі техниканы қолданады.			Педагогикалық шеберлік, Педагогикалық тәжірибе	Дипломдық жұмысының орындалуы

7	Визуалды өнер тарихы мен теориясы	Білім алушы болашақта көркем шығарманы толық мәнді қабылдай алады. Антикалық, классикалық, жаңа кезең өнері тарихының теориялық негіздерімен тереңірек танысады. Визуалды өнердің пайда болу теориясын меңгереді. Суретші-педагог, өнертанушы маман болып қалыптасады. Визуалды өнер тарихының дамуының жалпы заңдылықтарымен танысады. Әр кезең суретшілерінің шығармашылық жұмыстарын сыни тұрғыда талдайды, бағалайды.	5	4	Сызба геометриясы және перспектива	Қазақстанның көркем мәдениеті
	Жаңа кезең өнері	Білім алушы жаңа кезең өнері: XVII-XXI ғғ. Батыс Еуропа өнері (реализм, классицизм, барокко, академизм, романтизм, импрессионизм, постимпрессионизм) және XXI ғасыр өнеріндегі жаңа ағымдар мен танысады. XVIII-XX ғасыр басындағы өнер орыс өнері: XVIII-XX ғасырдағы Нарышкин бароккосымен Портрет жанрының гүлденуін саралайды. Академизм және романтизм, Критикалық реализм, Жаңа кезеңнің көркем мәдениет өнерін сараптайды. Жаңа бағытта дамыған мүсін, сәулет, сәндік-қолданбалы өнер, кескіндеме, сурет стилдерін талдайды.			Графика және жобалау негіздері	Қазақстан визуалды өнерінің тарихы мен теориясы, Қазақстанның көркем мәдениеті
8	Қазақстанның көркем мәдениеті	Білім алушы Қазақстанның сәулет, графика, кескіндеме, мүсін және сәндік қолданбалы өнері арқылы көркем мәдениеттің, қоғамның тарихи даму үрдісіне енуін және заманауи суретшілер мен қолөнер шеберлерінің жетістіктерін қарастырады. Қазақстанның дәстүрлі өнерімен реалистік бейнелеу өнеріндегі ұлттық колорит және қолтаңба көріністерімен танысады. Визуалды өнердің көркемдік тілін меңгереді.	4	5	Визуалды өнер тарихы мен теориясы	Өндірістік тәжірибе
	Қазақстанның визуалды өнерінің тарихы мен теориясы	Білім алушы Қазақстан бейнелеу өнерінің ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейінгі өнерімен танысады. Өнердің негізгі түрлерінің дамуының негізгі тенденциялары, себептері мен перспективалары және олардың жалпы мәдениетпен өзара байланысы қарастырылады. Қазақ тұрмысының эстетикасы, киіз үйдің семантикасы, ою-өрнектік өнер, түстің символикасы, көркем-өнер мектептерінің қалыптасуы, постмодернизмнің жаңа технологияларымен талданады.			Жаңа кезең өнері	Өндірістік тәжірибе

9	Дизайн және технология	Білім алушы дизайн және технология негіздерінің даму тарихына шолу жасайды. Дизайндағы форма мен композициясы, стиль ұғымы және жобалау қызметінің түрін, тігін бұйымдарының жіктелімі мен киімді макеттеуін, бұйымды безендіру дизайнның кешенді түрде ұйымдастырады. Эскиздер жасайды. Тігін бұйымдарының құрастыру технологияларын және тігін машиналарымен жұмыс жасауды біледі. Модельдің жеке бөліктерін дайындау, құрастыру, безендіру және құрылымдық материалдармен жұмыс жасай біледі.	5	8	Өндірістік практика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Заманауи дизайн	Білім алушы жасанды интеллект жұмысының алгоритмдері мен жобалаудың теориялық негіздерін үйренеді. Оқу процесінде тұжырымдаманы жүргізудің әдістемелік негіздерін меңгереді: сызу, жоба, пішін, модель, жобалау құжаттамасымен жұмыс және дизайн және бейнелеу өнері саласындағы жасанды интеллектпен жұмыс істеу әдістері. Заманауи дизайн түрлерін зерттейді. Жобаларды жобалауға жасанды интеллект енгізеді.			Өндірістік практика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
10	Сәндік қолданбалы өнер	Білім алушы сәндік қолданбалы өнер негіздерін оқу, көркем өнімдер жасау тәсілдері мен түрлі материалдардан өнімдер жасайды. Көрнекі қол өнерін, халықтың кәсіп туралы өнерін талдайды. Қолөнер заңдылығын және ою құрылымының құралдарын, құрылымдарды құрастыру принциптерін меңгереді. Стилді бейнелерді қолданумен көрнекі құрылымдардың сызбаларын құрастыру дағдыларын қалыптастырады	5	8	Заманауи дизайн, Өндірістік практика	Ғылыми зерттеу әдістемесі және академиялық жазу
	Қол өнері негіздері	Білім алушы сәндік-қолданбалы және халық өнерінің негізгі ұғымдарын, ою-өрнек өнерінің теориясы мен тарихын, табиғи (өнеркәсіптік) материалдардың ерекшеліктерін, оларды халық және сәндік-қолданбалы өнерде көркем өндеудің негізгі тәсілдерін қарастырады. Қазақстанның ең танымал көркем кәсіпшілігінің даму тарихы мен өзіндік ерекшеліктерін зерттейді. Қолөнер негіздерінде сәндік композицияның бейнелерін қолданады.			Дизайн және технология	Дипломдық жұмысты жазу

11	Мүсін	Білім алушы мүсін өнерінің материалдарымен танысып, технологиясын үйренеді. Мүсін өнерінің түрлерімен танысады, мүсіндейді. Антикалық бастың гипстік үлгілерін мүсіндейді. Күрделі көркем шығармаларды кесу, жапсыру, құю бедерлеу және басқа да жолдарымен құрастыратын өнерді меңгереді. Мүсін шығармаларын қыштан, балауыздан, тастан, темірден, сүйектен ағаштан және басқа да материалдардан жасайды.	5	5	Инженерлік графика және жобалау	Оқу тәжірибе (мұражай)
	Табиғи материалдардан мүсін жасау	Білім алушы көркем еңбек пәні мұғалімінің практикасында табиғи материалдар туралы білімі (саз балшық, қыш, ағаш, темір) және мүсіндеу технологиясын меңгереді. Табиғи материалдардан барельеф, рельеф, горельеф, геометриялық денелер натюрморт, портрет, пластикалық анатомия, моделді ескерткіштерді (плита, өскінді оюлар) орындайды. Табиғи материалдардан антикалық мүсіндердің көшірмесін жапсырмалайды.			Инженерлік сызба	Оқу тәжірибе (мұражай)
Кәсіптік пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Көркем еңбекті оқыту әдістемесі	Білім алушы көркем еңбек пәнін мектепте оқыту әдістемесінің мақсаттары мен міндеттерін талдайды. Қазіргі дидактиканың негізгі принциптерін мектеп үйірмесінде, студияда, көркем еңбек пәнін оқытуда қарастырады. Көркем оқыту психологиясының жалпы мәселелерін зерттейді. Әдістемені педагогикамен, психологиямен және мектепте көркем еңбекті оқыту әдістемесін оқытудың тәжірибелік қызметімен тығыз байланысты ғылыми пән ретінде қарастырады. Көркем еңбек пәнінің үлгілік бағдарламасы және оқулықтарымен танысады.	5	5	Визуалды өнер-1 (Сурет)	Көркемдік білімді оқытудағы цифрлық білім беру ресурстары
2	Графика және жобалауды оқыту әдістемесі	Бұл курста графикалық білім, икемділік пен дағдылар қалыптасады. Графика және жобалауды оқыту әдістемесі арқылы студенттердің біліктілігін арттырады, материалдарды өңдеу шеберлігіне дағдыландырады, көрнекі кескіндерді қағазда орындап оқушыларға үйретеді. АКТ, білім берудің озық технологиясы модульдері, өзінің білім және шығармашылық қызметінде озық әдістемелермен зерттейді. Кәсіби мәдениеттің негіздерін меңгереді. Оқу – әдістемелік әдебиеттерді саралайды.	5	5	Визуалды өнер-1 (Кескіндеме)	Оқу тәжірибе (мұражай)

3	Инклюзивті білім беру	Бұл курс қазіргі әлемдегі инклюзивті білім беруге шолу жасап ұсынады. Студенттер «инклюзия» ұғымын ажырата алады, арнайы білім беруді реформалау мәселесін аша алады, ұлттық арнайы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырады, балаларды интеграциялау модельдерін талдайды және салыстыра алады, мүмкіндігі шектеулі, инклюзивті білім беруді басқарудың құқықтық және этикалық негіздерін түсіндіреді.	5	5	Педагогика, Білім берудегі психология	Көркемдік білімді оқытудағы цифрлық білім беру ресурстары
4	Педагогикалық шеберлік	Білім алушы көркем еңбек пәнін мектепте оқыту әдістемесінің мақсаттары мен міндеттерін талдайды. Қазіргі дидактиканың негізгі принциптерін мектеп үйірмесінде, студияда, көркем еңбек пәнін оқытуда қарастырады. Көркем оқыту психологиясының жалпы мәселелерін зерттейді. Әдістемені педагогикамен, психологиямен және мектепте көркем еңбекті оқыту әдістемесін оқытудың тәжірибелік қызметімен тығыз байланысты ғылыми пән ретінде қарастырады. Көркем еңбек пәнінің үлгілік бағдарламасы және оқулықтарымен танысады.	6	6	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Өндірістік тәжірибе
5	Көркемдік білімді оқытудағы цифрлық білім беру ресурстары	Білім алушы цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың маңызын, әдістемелік ерекшеліктерінің сипаттамасын, мазмұны мен құрылымын талдайды. Электронды оқыту жүйесі, электронды оқулық, ақпараттық технология, мультимедиялық проектор арқылы даярланған цифрлық объектілерді демонстрациялау, интерактивті моделдерді қолдану, цифрлық білім ресурстарымен жеке зерттеушілік пен шығармашылық жұмыстарды орындай алады. Цифрлық ресурстарды игере отырып білім беру платформаларын әзірлеуді меңгереді.	5	6	Педагогика, Көркем еңбекті оқыту әдістемесі, графика және жобалауды оқыту әдістемесі	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру, Дипломдық жұмыстың орындалуы
6	Ғылыми-зерттеу әдістемесі және академиялық жазу	Білім алушы ғылыми - зерттеу жұмыстарының, академиялық жазудың негізгі қағидаларын сипаттайды; баяндама мен ғылыми мақаланың ерекшелігін анықтайды; нақты тұжырымдарды қолданады; ғылыми - зерттеу жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдерді сыни тұрғыдан талдайды; ғылыми мақаланың басқа ғылыми жұмыстардан өзгешелігін салыстырады.	5	4	Көркем еңбекті оқыту әдістемесі, Графика және жобалауды оқыту әдістемесі	Өндірістік тәжірибе Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру

7	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру	Білім алушы ғылыми – зерттеу жұмысының мақсатын айқындау; зерттеу объектісін тану; проблеманы қою; зерттеу пәнін айқындау; гипотезаны ұсыну; зерттеу жоспарын құру; объектінің тұтастай тану үшін проблеманың табылған шешімінің мәнін айқындайды. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданады; көркем педагогтік дайындық жұмысын қортындылай алады; шығармашылық қабілетін, дағдысы мен біліктілігін, көркемдік білімін, байқағыштығын, сараптай білетіндігін, көркемдік талғамы мен жоғары мәдени деңгейін көрсете алады.	5	8	Көркем еңбекті оқыту әдістемесі, Графика және жобалауды оқыту әдістемесі	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
8	Дипломдық жұмысының орындалуы	Білім алушы дипломдық жұмыстың орындалу барысында зерттеу элементтері бар күрделі кешенді міндеттерді шешу, теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеп кеңейту және жұмыс істеуге қабілеттілік деңгейін анықтайды. - теориялық білімін, практикалық дағдысын нақты практикалық міндеттерді шешуде қолданады. - мәселелер мен сұрақтарды шешу барысында өз бетінше жұмыс жасаудағы біліктілігін дамыту және зерттеу әдісі мен экспериментін игереді.	5	8	Визуалды өнер-1 (Сурет), Визуалды өнер-2 (Кескіндеме), Композициялық сурет, Көркем еңбекті оқыту әдістемесі, Графика және жобалауды оқыту әдістемесі	Визуалды өнер-2 (Сурет), Тоқыма материалдарын көркемдеп өңдеу, Қазақстанның сәндік қолданбалы өнері.
9	Педагогикалық тәжірибе	Білім алушы мектептегі көркем еңбек және графикалық жобалау пәнінің мұғалімі сабағының талдауын сипаттайды; көркем еңбек мұғалімі жұмысының ең тиімді формалары мен әдістерін қолданады; мектепте және бекітілген сыныпта өткізілетін барлық іс-шараларды сыни тұрғыда талдайды; оқушылардың жеке қасиеттерін, олармен қарым-қатынас формаларын зерттейді.	6	6	Оқу тәжірибе (пенэр)	Өндірістік тәжірибе
10	Өндірістік тәжірибе	Білім алушы орта білім берудің жаңартылған мазмұны аясында студенттерді практикалық педагогикалық қызметке кешенді қосуды сипаттайды; таңдаған біліктілік жұмысының тақырыбына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеуді іс жүзінде қолданады; оқытудың заманауи стратегияларын сыни тұрғыдан талдайды; инновациялық білім беру технологияларын саралайды. Оқу сабақтарын өз бетінше өткізу және талдау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады.	15	7	Педагогикалық тәжірибе	Заманауи дизайн

11	Дипломалды тәжірибе	Дипломдық жұмыс жетекшісінің басшылығымен жұмыстың мазмұнын, кіріспе бөлімін, негізгі бөлімін, қорытындысын, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшаларын талапқа сай рәсімдейді. Бекітілген бұйрық негізінде сын-пікір, пікірлерді жинақтап, дипломдық жұмысты антиплагиаттан өткізіп, анықтама алады. Нормативтік бақылау парағының талабына сай тексеруге ұсынады.	2	8	Өндірістік тәжірибе	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Кәсіптік пәндер циклі Таңдау компоненті						
1	Үй мәдениеті, тамақ мәдениеті	Білім алушы үй мәдениетін құрастырушы негіздерін, оны жасату және тәрбиелеу жолдарын анықтайды. Дұрыс тамақтану мәдениетін, өнімді дұрыс таңдау және оны дұрыс әзірлеу мәдениетін меңгереді. Алынған білім студенттерге кәсіби жұмыс мүмкіндігін кеңейтуге, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға ұқыпты қарау ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік алады.	5	6	Композициялық сурет	Көркем еңбекті оқыту әдістемесі, Графика және жобалауды оқыту әдістемесі
	Құрал жабдықтардың технологиясы	Білім алушы оқу шеберханасындағы ағаш жонатын, темір өңдейтін станоктардың нұсқаулығымен және үй шаруашылығында қолданылатын тұрмыстық техниканың қауіпсіздігі ережелерімен танысады. Табиғи материалдардан түрлі шығармашылық жұмыстар жасауды үйренеді. Құрал жабдықтар технологиясының жұмыс істеу қызметін меңгереді.			Композициялық сурет, Графика және жобалау негіздері	Көркем еңбекті оқыту әдістемесі, Графика және жобалауды оқыту әдістемесі

4.3 «Көркем еңбек, графика және жобалау» білім беру бағдарламасының модульдері бойынша меңгерілетін несиелер көлемінің жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Меңгеретін пәндер саны	Оқылатын пәндердің саны			Несие саны									Саны	
			МК	ЖООК	ТК	Теориялық оқыту	Оқу-танысу тәжірибесі	Оқу тәжірибе (пенэр, мұражай)	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе	Дипломалды тәжірибе	Қорытынды аттестация	Барлығы	Экзамен	Зачет
1	1	7	5	2		27								27	6	1
	2	8	5	3		29	2	2						33	9	1
2	3	8	2	5	1	31								31	7	1
	4	6	1	3	2	25		2	2					29	7	1
3	5	8		6	2	34								34	8	
	6	5		4	1	19		3		6				28	7	
4	7	-				-					15			15	1	
	8	7		2	5	33								33	7	
	-					-						2	8	10	2	
Барлығы		49	13	25	11	198	2	7	2	6	15	2	8	240	54	4

5. ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

6B01405 – «Көркем еңбек, графика және жобалау» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр даярлауда оқу нәтижелерін бағалау және бақылаудың әр түрлі формалары қолданылады: ағымдық бақылау (сұрақ, тестілеу, бақылау жұмыстары, курстық жұмыстарды қорғау, дискуссия, тренинг, коллоквиум), аралық бақылау (оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, тәжірибе бойынша есеп қорғау), қорытынды мемлекеттік аттестация (диплом жұмысын қорғау, кешенді емтихан).

Бағалау жүйесінің кестесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	ECTS бойынша баға	Анықтамасы
A	4,0	95-100	Өте жақсы	A	Үздік көрсеткіштер, үздік білім мен дағдылар
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы	B	Жоғары көрсеткіштер, жақсы білім мен дағдылар
B	3,0	80-84	Жақсы	C	Білім және дағды ортадан жоғары көрсеткіштер
B-	2,67	75-79			
C+	2,33	70-74	Жақсы	D	Білім мен дағдылар орташа, елеулі емес қателер бар көрсеткіштер
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық		
C-	1,67	60-64			
D+	1,33	55-59			
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	E	Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырады
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	FX, F	Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырмайды

1 ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Цикл программы:

Первый цикл: бакалавриат, 6 уровень НРК / ОРК

Присуждаемая степень: *Бакалавр*

Общий объем кредитов: 240 кредитов

Срок обучения: *4 года*

1.1 Основные положения

Образовательная программа 6В01405 – Художественный труд, графика и проектирование высшего образования разработана в соответствии с типовым учебным планом специальности, классификатором специальностей высшего образования (бакалавриат), профессиональным стандартом педагога, Дублинскими дескрипторами, согласованными с Европейской рамкой квалификаций.

Требования по приему обучающихся на образовательную программу определены Типовыми правилами приема на обучение в организации образования, реализующие профессиональные учебные программы высшего образования РК.

Абитуриенты, поступающие на образовательную программу, сдают Единое национальное тестирование (ЕНТ).

Возможность дальнейшего продолжения обучения — магистратура по направлению 7М014 – Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития.

1.2 Цели ОП: Подготовка кадров новой формации, способных осуществлять высококвалифицированную, квалифицированную, педагогическую деятельность в области художественного образования.

1.3 Задачи ОП:

- обеспечить качественную профессиональную подготовку будущих учителей художественного труда, графики и проектирования и педагога дополнительного художественного образования в соответствии с социальным заказом общества, с содержанием обновленного общего и художественного образования и мировыми стандартами;

- сформировать систему ключевых компетентностей, а также общенаучных и специальных знаний, умений и навыков будущих учителей художественного труда, графики и проектирования и педагогов дополнительного художественного образования;

- способствовать формированию научно-методических и исследовательских навыков будущих учителей художественного труда, графики и проектирования и педагогов дополнительного художественного образования;

- способствовать освоению будущими учителями приемов и способов духовного и интеллектуального саморазвития, формирование психологической грамотности, культуры мышления и поведения.

2 ХАРАКТЕРИСТИКА НАПРАВЛЕНИЯ ПОДГОТОВКИ БАКАЛАВРА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ 6В010405 - ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД, ГРАФИКА И ПРОЕКТИРОВАНИЕ

2.1. Сфера профессиональной деятельности

ОП 6В010405 – Художественный труд, графика и проектирование осуществляет свою профессиональную деятельность в области образования.

2.2. Объекты профессиональной деятельности

